

2022 жылғы 19-25 наурыз аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 10.03-17.03.2022 ж. кезеңінде "Қазгидромет" РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 52% - дан 61% - ға дейін ұлғайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен алаптары бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

2022 жылғы 19-25 наурыздағы апталық синоптикалық болжамға сәйкес елдің солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында және шығысында Новая Земля аудандарынан циклон жырасының әсерінен тұрақсыз ауа райы күтіледі, қар, боран, екпінді жел 23-28 м/с дейін болжанады, тұмандар байқалады, 23 наурызда республиканың шығысында қатты қар күтіледі. 21-23 наурызда ҚР батысында жауын-шашын жаңбыр мен қар, тұман түрінде күтіледі. Оңтүстік-шығыста атмосфералық фронттардың өтуіне байланысты, 22-25 наурызда еліміздің оңтүстігінде жауын-шашын күтіледі, негізінен жаңбыр түрінде, 22 наурызда Жамбыл облысында, 22-24 наурызда Алматы облысында таулы және тау бөктері аудандарында қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) болады, **осыған байланысты жоғарыда аталған өңірлердің тау бөктері аудандарында еңістік ағын қалыптасуы күтіледі.**

Барлық кезең Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігінде, кезең ортасынан бастап Қарағанды облысының оңтүстігінде күндізгі температура 2-5 жылыға дейін жетеді. (3 қосымша).

Қарағанды облысы бойынша

10.03-17.03.2022 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

Нұра өзенінің алабы бойынша 107 млн.м³ ұлғайды және 376 млн. м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 24% - ға артық;

Шерубайнұра өзенінің алабы 7 млн. м³ ұлғайды және 219 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 63% - ға аз;

- **Кеңгір өзенінің алабы** бойынша 5 млн.м³ ұлғайды және 376 млн.м³ құрайды

2022 жылғы 19-25 наурыз кезеңіне арналған ағынның болжамды көлемі

- Самарқанд су қоймасына келіп құятын Нұра өзені бойынша (Балықты ГБ тұстамасында) 0,40-0,70 млн. м³ көлемінде;

- Шерубайнұра су қоймасына келіп құятын Шерубайнұра өзені бойынша (Қарамұрын ГБ тұстамасында) 0,70-1,10 млн. м³ көлемінде;

- Кеңгір су қоймасына келіп құятын Кеңгір өзені бойынша (Қаракеңгір және Сарыкеңгір ГБ тұстамаларында) күтілмейді;

Есіл өзенінің алабы бойынша.

(Ақмола облысы және СҚО бойынша)

11.03. – 18.03.2021 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

Бастаудан Астана су қоймасына дейін 32 млн.м³ -ға азайды және 233 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 19%- ға аз;

Калқутан өзені алабы бойынша (Есіл өз.) 66 млн.м³ азайды және 1304 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 20% - ға аз.

Жабай өзені алабы бойынша (Есіл өз.) 17 млн.м³ көбейді және 887 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мән шегінде.

Сергеевское су қоймасына дейін 157 млн.м³ көбейді және 5979 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 33% - ға артық.

Сілеті өзені алабы бойынша өзгеріссіз және 583 млн. м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мән шегінде.

Шағалалы өзені алабы бойынша 12 млн.м³ азайды және 63 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 20% - ға артық.

2022 жылғы 19-25 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Есіл және Мойылды өзендері бойымен Астана су қоймасына келетінс су (Турген және Николаевка ГБ жармалары бойынша) 0,45-0,70 млн. м³ көлемінде;

- Сергеевское су қоймасына келіп құятын Есіл өзені бойынша (Тоқсан би және Иманбұрлық ө. Соколовка ГБ тұстамаларында) 3-5 млн. м³ көлемінде;

- Сілеті су қоймасына келіп құятын Сілеті өзені бойынша (Бестоғай ГБ тұстамасында) күтілмейді;

- Шағалалы су қоймасына келіп құятын Шағалалы өзені бойынша (Павловка ГБ тұстамасында) күтілмейді;

Ақтөбе облысы бойынша

10.03-17.03.2021 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өзені алабы бойынша** 22 млн.м³ азайды және 297 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәннен 20% - ға артық;

- **Қарғалы өзені алабы бойынша** 4 млн.м³ азайды және 202 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 30% - ға аз.

2022 жылғы 19-25 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Ақтөбе су қоймасына келіп құятын Ілек өзені бойынша (Бестамақ ГБ тұстамасында) көлем 0.10-0.14 млн. м³;

- Қарғалы су қоймасына келіп құятын Қарғалы өзені бойынша (Троицкое және Қосістек ГБ тұстамаларында) 0,20-0,30 млн. м³ көлемінде;

Батыс Қазақстан облысы бойынша

10.03-17.03.2022 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Утва өзені алабы бойынша** 252 млн.м³ көбейді және 461 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәннен 24% - ға артық;

- **Чиж-2 өзені алабы бойынша** 12 млн.м³ азайды, 41 млн.м³ құрайды орташа көп жылдық мән шегінде;

- **Дерқұл өзені алабы бойынша** 49 млн.м³ көбейді және 231 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 37% - ға көп.

- **Шаған өзені алабы** 147 млн.м³ көбейді және 511 млн.м³ құрайды, орташа көп жылдық мәннен 43% - ға көп.

Қостанай облысы бойынша

10.03-17.03.2021 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Тобыл өз.алабы бойынша (Жоғарғы-Тобыл су қоймасынан жоғарыда)** 131 млн.м³ көбейді және 1035 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндер шегінде;

- **Тобыл және Аят өз.алабы бойынша (Қаратомар су қоймасына келіп құятын)** 9 млн.м³ азайды, 613 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көпжылдық мәндерден 15 % - ға артық.

2022 жылғы 19-25 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Жоғарғы Тобыл су қоймасына келіп құятын Тобыл өзенінде (Гришенка ГБ тұстамасында) 0,40-0,6 млн. м³ көлемінде;

- Қаратомар су қоймасына келіп құятын Аят өзенінде (Варваринка ГБ тұстамасында) 0,3-0,4 млн. м³ көлемінде.

Таулы өзендер

Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшеу маршрутының ұзындығы орта есеппен 100 км. тиісінше, тау өзендері бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2022 жылғы сәуірдің алғашқы күндерінде ұсынылатын болады.

ҚР таулы аймақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі бойынша деректер 4-қосымшада келтірілген.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

10.03-17.03.2021 ж. кезеңінде облыс аумағында қармен жабылған алаң 87% - дан 85% - ға дейін азайды.

Шүлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде мұздың қатуы байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 48 см. Семиярка ауылында мұздың орташа қалыңдығы 103 см құрайды.

Павлодар облысының аумағында Ертіс өзенінде РФ шекарасына дейінгі мұздың орташа қалыңдығы 65-77 см құрайды.

Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша

Түркістан облысының аумағында қармен жабылған алаң 10.03-17.03.2022ж. кезеңінде 5% - дан 2% - ға дейін азайды.

Шардара су қоймасынан төмен Түркістан және Қызылорда облыстарының аумағындағы Сырдария өзеніндегі мұз толығымен жойылды.

Жамбыл облысы бойынша

10.03-17.03.2021 ж. кезеңінде облыс аумағында қармен жабылған алаң 3% - тен 2% - ға дейін азайды.

Облыс өзендерінде мұз құбылыстары байқалмайды.

Алматы облысы бойынша

10.03-17.03.2021 ж. кезеңінде облыс аумағын қармен жабу алаңы 19% - тен 18% - ға дейін азайды.

Қапшағай су қоймасынан төмен Іле өзенінде мұз толығымен жойылды.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директордың орынбасары

С. Саиров